

**«АБАИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ кезектен тыс отырысының 2023 жылғы 29 тамыздағы ҚАУЛЫСЫ**

I. Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Д.Исабаеваның «Абай атындағы ҚазҰПУ қабылдау комиссиясының 2023-2024 оқу жылына арналған есебі» атты ақпараты тыңдап және талқылай отырып, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

- 1.1 Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Д.Исабаеваның «Абай атындағы ҚазҰПУ қабылдау комиссиясының 2023-2024 оқу жылына арналған есебі» атты ақпараты назарға алынсын.
- 1.2 2024/2025 оқу жылына қабылдау комиссиясының жұмыс жоспары әзірленсін. (мерзімі - қараша, 2023ж., жауапты - академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбеков)
- 1.3 Университеттің ақпараттық жүйесін Ұлттық тестлеу орталығының деректер базасымен интеграциялау ұйымдастырылсын. (мерзімі - сәуір, 2024ж., жауапты - білім беруді цифрландыру департаментінің директоры Т.Серикбаев)
- 1.4 Қойылған міндеттерге толық сай келмейтін Univer ақпараттық жүйесіне балама ізделінсін. (мерзімі - сәуір, 2024ж., жауапты - білім беруді цифрландыру департаментінің директоры Т.Серикбаев)
- 1.5 Сервердің мүмкіндігін кеңейту жолдары қарастырылсын. (мерзімі - сәуір, 2024ж., жауапты - білім беруді цифрландыру департаментінің директоры Т.Серикбаев)
- 1.6 Ғылым және жоғары білім министрлігіне әр кафедрадан докторантураға қабылдау бойынша берілген ұсыныстар негізінде қызметтік хат жолданылсын. (мерзімі - 2023 жылдың 30 қыркүйегіне дейін, жауапты - академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбеков, институт директорлары)

2. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековтың «ПОҚ-ның 2023/2024 оқу жылына педагогикалық жүктемесі туралы» ақпаратын тыңдап және талқылай отырып, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

- 2.1 Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековтың «ПОҚ-ның 2023/2024 оқу жылына педагогикалық жүктемесі туралы» ақпараты назарға алынсын.
- 2.2 Білім алушылардың 1 ПОҚ-қа орташа арақатынасы 1:16 болып бекітілсін.
- 2.3 ПОҚ-ның жылдық оқу жүктемесі 600-610 академиялық сағат көлемінде бекітілсін.
- 2.4 Әскери кафедра оқытушыларының жылдық оқу жүктемесі 680 академиялық сағат көлемінде бекітілсін.

3. Әртүрлі.

4. Осы қабылданған шешімдердің орындалуын қадағалау академиялық істер жөніндегі проректордың м.а. А.Т.Кулсариеваға жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасының м.а.

Бас ғалым хатшы



К.Исакова

Ж. Битибаева